



**Автор:** Жансугурова Жанар Базилхановна

**Пән:** Математика

**Сынып:** 5-сынып


**Бөлім:** Жай бөлшектер және оларға амалдар қолдану

**Тақырып:** Жай бөлшектерге амалдар қолдану

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.18 бөлімдері әр түрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.21 жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау; 5.1.2.23 жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлуді орындау;
Сабақтың мақсаты:	- жай бөлшектермен және аралас сандармен арифметикалық амалдар орындай алады;
Тілдік мақсаттар:	Тілдік мақсат: Жай бөлшекті қосу мен азайтуға қатысты ұғымдар мен терминдерді түсінеді және қолданады. Пәнге қатысты лексика мен терминология: Қосу - Сложение - Addition Азайту - Вычитание - Subtraction Алым - Числитель - Numerator Бөлім - Знаменатель - Denominator Жай бөлшек - Обыкновенные дроби - Simple fractions Дұрыс бөлшек - Правильная дробь - Proper fraction Бұрыс бөлшек - Неправильная дробь - Improper fraction Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер: Бөлімі бірдей бөлшектерді қосу/азайу үшін.... Бөлімі әртүрлі бөлшектерді қосу/азайу үшін.... Ортақ бөлімге келтіру дегеніміз....
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар жай бөлшектерді қосу және азайту амалдарын орындай алады. Жай бөлшектерді көбейтудің, бөлудің ережелерін пайдаланып, оларды есеп шығаруда қолдана алуы
Бағалау критерийлері:	Дағдылар Бағалау критерийлері Білу және түсіну Жай бөлшектің негізгі қасиетін біледі Білімін қолдану Жай бөлшектерді қысқартуда бөлшектің негізгі қасиетін қолдана алады; Ең кіші ортақ бөлімге келтіре алады
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларда өз бетімен жұмыс істеу мәдениетін дамыту, ұйымшылдыққа үйрету, бірін-бірі сыйлау, академиялық шыншылдық, сыни тұрғыдан ойлау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта, презентация, мини ақ тақтайшалар.
Пәнаралық байланыс:	қазақ әдебиеті
Бастапқы білім:	Сандардың ең кіші ортақ еселігін білу, жай бөлшекті, дұрыс және бұрыс бөлшектерді білу.


### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------


<p>Сабақтың басы (1. Ұйымдастыру кезеңі (3 мин). 2. тапсырмасын сұрау (10 минут))</p>	<p>Оқушылармен амандасып, оларды түгендеп, сабаққа дайындығын тексеру. Сабақ тақырыбымен, жоспарымен және оқу мақсатымен таныстыру.</p> <p>1. Психологиялық тренинг: Шаттық шеңберіне тұрып, А.Құнанбаевтың шығармаларын айту</p> <p>2. Топқа бөлу А) Талап В) Еңбек С) Қанағат Д) Рақым</p> <p>- Балалар сіздер әдебиет пәнінен қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың шығармаларымен таныссыздар. Ендеше «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңінде қандай бес асыл қасиеттер туралы айтады. Есімізге түсірейікші. (Оқушы жауаптары) - Өте жақсы балалар ендеше бүгінгі сабағымызда Абай атамиздың осы өлеңімен байланысты болмақ. Сабақ барысында әрбір кезеңге атау беріп, соңында алғашқы асыл қасиет жазылған сөзді аламыз. Ең бірінші кезеңіміз «ТАЛАП» деп аталады, бұл кезеңде сендер жай бөлшектер, олардың қасиеттерін білу және еске түсіру талап етіледі.</p> <p>Т А Л А П 1. Бөлімдері бірдей бөлшектер қалай қосылады? Мысал келтіріңдер.</p> <p>2. Бөлімдері әртүрлі бөлшектер қалай қосылады? Мысал келтіріңдер.</p> <p>3. Бөлімдері бірдей бөлшектер қалай азайтылады? Мысал келтіріңдер.</p> <p>4. Бөлімдері әртүрлі бөлшектер қалай азайтылады? Мысал келтіріңдер.</p> <p>5. Аралас сан бұрыс бөлшек түрінде қалай жазылады? Мысал келтіріңдер.</p>	<p><a href="http://interneturok.ru/ru/school/matematika/5-klass/drobnye-chisla/slozhenie-i-vychitanie-drobey-s-odinakovymi-znamenatelyami">http://interneturok.ru/ru/school/matematika/5-klass/drobnye-chisla/slozhenie-i-vychitanie-drobey-s-odinakovymi-znamenatelyami</a></p>
<p>Сабақтың ортасы (Тапсырмаларды орындау (10 мин) Сергіту сәті (3 мин))</p>	<p>Келесі кезең «ЕҢБЕК» де аталады, “Әлемнің әміршісі – еңбек. Тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек» деп Н.Ә. Назарбаев атамиз айтпақшы бұл бөлімде еңбектену арқылы жаңа сабақты игереміз.</p> <p>Е Ң Б Е К Сәйкесін тап</p> <p><math>\frac{3}{4} * \frac{7}{2} =</math></p> <p><math>\frac{16}{3} * \frac{5}{4}</math></p> <p><math>25 * \frac{11}{5}</math></p> <p><math>\frac{14}{17} + \frac{2}{17}</math></p> <p>Бұл кезең «ТЕРЕҢ ОЙ».</p> <p>Бұл кезеңде терең ойлану арқылы есептер шығару дағдыларынды қалыптастырамыз. Есептің кестедегі жауаптарымен бір бағанға оның тұсындағы әріптерді қойыңдар. Сонда сендер қазақтың ұлы математигінің атын оқиаласыздар.</p> <p>Image not found of type unknown</p>  <p>А.Құнанбаевтың 1-шумақ өлеңін айтады.</p>	<p><a href="http://interneturok.ru/ru/school/matematika/6-klass/slozhenie-i-vychitanie-drobej-s-raznymi-znamenatelyami/slozhenie-i-vychitanie-drobey-s-raznymi-znamenatelyami">http://interneturok.ru/ru/school/matematika/6-klass/slozhenie-i-vychitanie-drobej-s-raznymi-znamenatelyami/slozhenie-i-vychitanie-drobey-s-raznymi-znamenatelyami</a></p>

Сабақтың соңы  
(9 мин)

Келесі кезеңіміз «ҚАНАФАТ» деп аталады. Бұл кезеңде жұптық тапсырма тестпен жұмыс жасаймыз. Тестпен жұмыс:



Өзін өзі тексеру.



Келесі кезең «РАҚЫМ» деп алдым. Бұл кезеңде алған білімдерімізді қорытып, бекітеміз. Ауызша шығару Екі санның қосындысы 8-ге тең, ал көбейтіндісі 15-ке тең бұл қандай сандар?

Рефлексия  
(5 мин)

Сонымен оқушылар сабақ ұнадыма, ұнаса несімен ұнады? Атамыздың бес асыл ісін математика сабағында да қайталадық. Абай атамыз «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деген екен. Олай болса, бізде бір бірімізден осындай нәрселер мен озатын болайық.

Бағалау парағы арқылы «5»-5

«4»-4

«3»-3

Смайлик арқылы.

Түсіндім; Түсінбедім; Сұрағым бар.